

Кафедра меңгерушісі (Әскери кафедра бастығы) біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы, ғылыми дәрежесінің болуы, білім беру ұйымдарындағы жетекші лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы. Білім беру менеджменті бойынша біліктілікті жоғарылату курсынан өткендігі жөніндегі сертификатының (куәлігінің) болуы.

Әскери кафедра бастығының жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы, ғылыми дәрежесінің болуы және/немесе аға офицерлік құрамының әскери атағы, педагогикалық жұмыскер немесе жетекші құрамда әскери бөлім командирі орынбасары мен одан да жоғары лауазымдардағы 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Кафедраның профессоры біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы, PhD докторы (философия докторы) немесе ғылыми дәрежесінің болуы, ғылыми атағының немесе қауымдастырылған профессор (доцент) атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте 5 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы. Соңғы 5 жыл көлемінде мамандығы бойынша немесе оқытатын пән бейіні бойынша біліктілікті жоғарылату курсынан өткендігі жөніндегі сертификатының (куәлігінің) болуы.

Соңғы 5 жыл көлемінде бір немесе бірнеше ғылым салалары бойынша CiteScore бойынша Clarivate Analytics немесе Scopus мәліметтер базасында бар процентиль көрсеткіші 50-ден кем болмауы, Journal CitationReports компаниясы мәліметтері бойынша 1 және 2 квартильге енетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы тиіс. Соңғы 3 жылда Хирша Индексінің болуы (Hi) 5-тен асуы тиіс. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысына жетекшілік жасауы тиіс.

Өнер, мәдениет, спорт және әскери даярлық салаларында, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы немесе қауымдастырылған профессор (доцент) атағы болмаған жағдайда:

- «Дене тәрбиесі және спорт» мамандық топтары үшін – «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы», «Қазақстан Республикасының халықаралық кластағы спорт шебері» спорттық атақтарының болуы;

- «Өнер» мамандық топтары үшін – «Қазақстан Республикасының халық әртісі» немесе «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының болуы;

- «Бастапқы әскери даярлық» мамандық топтары үшін – подполковниктен төмен емес әскери (арнайы) атағының болуы.

Кафедраның доценті біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі болуы, PhD докторы (философия докторы) немесе ғылыми дәрежесінің болуы, ғылыми атағының немесе қауымдастырылған профессор (доцент) атағының болуы және ғылыми-педагогикалық қызметте 5 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы. Соңғы 5 жыл көлемінде мамандығы бойынша немесе оқытатын пән бейіні бойынша біліктілікті жоғарылату курсынан өткендігі жөніндегі сертификатының (куәлігінің) болуы.

Соңғы 5 жыл көлемінде бір немесе бірнеше ғылым салаларында CiteScore бойынша Scopus мәліметтер базасында бар процентиль көрсеткіші 25-тен кем емес, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы тиіс.

Өнер, мәдениет, спорт және әскери даярлық салаларында, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы немесе PhD докторы (философия докторы) атағы болмаған жағдайда:

- «Дене тәрбиесі және спорт» мамандық топтары үшін – «Еңбек сіңірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері», «Дене тәрбиесі және спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгілері болуы;

- «Өнер» мамандық топтары үшін – «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі» немесе «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» құрметті атағының болуы, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің болуы;

- «Бастапқы әскери даярлық» мамандық топтары үшін – майордан төмен емес әскери (арнайы) атағының болуы.

Кафедраның аға оқытушысы біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік білімі (маман) болуы және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте 3 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы, мамандық бойынша (қызмет бейіні) 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы және ғылыми дәрежесі немесе PhD докторы (философия докторы) атағының болуы.

Кафедра оқытушысы біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары кәсіптік білім (маман) және/немесе ғылыми-педагогикалық бейіндегі магистр дәрежесінің болуы.